

**«ЖЕЛІСІЛДІ»**

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт  
министрлігінің Мәдениет  
комитетінің төрағасының  
міндетін атқарушы



**«БЕКІТІЛДІ»**

«Құрманғазы атындағы  
Қазақ ұлттық халық аспаптар  
оркестрі» РМҚК директоры  
М. Қуанышев



## **Құрманғазы атындағы XII Республикалық халық аспаптарында орындаушылар конкурсын өткізу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы «Құрманғазы атындағы XII Республикалық халық аспаптарында орындаушылар конкурсын өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 9) және 12) тармақшаларына және Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 56 бұйрығымен бекітілген Республикалық конкурстар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік қағидаларының 6-тармағына сәйкес әзірленді және Құрманғазы атындағы XII Республикалық халық аспаптарында орындаушылар конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) өткізу тәртібін айқындайды.

2. Конкурстың ұйымдастырушысы «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі» РМҚК (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) болып табылады.

### **2-тарау. Конкурстың мақсаты мен міндеттері**

3. Конкурстың мақсаты мен міндеттері:

1) Қазақ халқының ұлы күйші-сазгері, ұлттық аспаптық музыкаға негізделген күй өнерінің классигі Құрманғазы Сағырбайұлының шығармашылығын ұрпақ жадында қалдыру;

2) халық аспаптарында орындаушылық шеберлігі жоғары дарынды жастарды анықтау;

3) қатысушылардың кәсіби шеберлігін жетілдіріп шығармашылық қызметте ілгерілету;

4) қазақ халқының музыкалық мұрасын насихаттау арқылы жас ұрпақтың ұлтжандылық тұрғыда тәрбиеленуіне ықпал ету.

### 3-тарау. Конкурсты өткізу тәртібі

4. Конкурс 2023 жылдың 9 қазаннан 14 қазанға дейінгі кезеңде өткізіледі.

5. Конкурс «Домбыра», «Шертер» (үш шекті домбыра), «Қылқобыз», «Прима қобыз» және «Сырнай» (баян, аккордеон) аспаптарында орындаушылық номинациялары бойынша өткізіледі;

6. Конкурс келесі үш кезеңнен тұрады:

1) Конкурсқа қатысушы әр кезеңдегі орындалар шығарманы жатқа орындайды;

2) Бірінші кезеңде орындалған шығарма келесі кезеңде қайталанбайды;

3) Сайыскердің өтінімде алдын-ала көрсеткен шығармалар тізімі өзгертілмейді.

7. Конкурс Қазақстанның 16 жастан 40 жасқа дейінгі халық аспаптарында орындаушылар арасында өткізіледі.

8. Конкурстың бұрынғы бас жүлде иегері мен I-ші орын жеңімпазы қатыса алмайды.

9. Конкурсқа қатысу үшін облыстық, қалалық мәдениет басқармалары, концерттік ұйымдардың дирекциясы мен көркемдік кеңесінің, мәдениет, өнер оқу орындары педагогикалық кеңестерінің ұсыныстары болуы керек.

10. Конкурсқа қатысушы конкурс Ережесінің 2-қосымшасына сәйкес шығармаларды жатқа орындайды.

11. Қатысушылардың Конкурста өнер көрсету кезектілігі жеребе тастау арқылы анықталады және конкурстың соңына дейін сақталады.

12. Конкурсқа қатысу үшін қатысушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 2023 жылғы 15 тамыздан 15 қыркүйек айына дейінгі мерзімде нысан бойынша электронды түрде өтінімді мынадай құжаттар мен материалдарды қоса бере отырып көрсетілген поштаға [konkurs\\_kurmangazy2023@mail.ru](mailto:konkurs_kurmangazy2023@mail.ru) жібереді:

1) қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі PDF форматында;

2) қатысушының шығармашылық мінездемесі;

3) конкурсқа қатысушының шығармашылық өмірбаяны (ұстазының, концертмейстерінің аты - жөні көрсетілуі тиіс);

4) музыкалық білімі туралы құжатының көшірмесі;

5) оқу орнынан (оқушылар мен студенттер үшін), жұмыс істейтін жерінен анықтама PDF форматында;

6) осы қағидалардың 1-қосымшаға сәйкес жасалған қатысушының конкурстық бағдарламасы.

7) қатысушының 13×18 см көлеміндегі жоғары ажыратымдылықтағы 2 дана көркем фотосуреті, JPEG форматында;

Осы тармақта көзделген құжаттар мен материалдардың нысаны бойынша емес және (немесе) оған қосымшасыз жасалған өтінімдер қарауға жатпайды.

13. Көрсетілген мерзімнен кеш жіберілген құжаттар қабылданбайды.

14. Конкурс ұйымдастырушысы конкурс жайлы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына және интернет-ресурстарда кеңінен жариялауды қамтамасыз етеді (пресс-релиз, сұхбат, Республикалық телеарналардағы көрсетілімі, конкурс алдындағы баспасөз конференциясы және т.б.).

15. Конкурсқа қатысушылардың, сондай-ақ оларды сүйемелдеуші тұлғалардың (бір адамнан аспайтын) тұру, тамақтану, Алматы қаласы бойынша көлікпен жүру, Алматы қаласына дейін және кері бағытта көлікпен жүру шығындары (Алматы қаласында тұратындарды қоспағанда) Конкурсқа қатысушының өз қаражаты есебінен өтеледі.

#### **4-тарау. Ұйымдастыру комитеті**

16. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес құрамда «Құрманғазы атындағы XII Республикалық халық аспаптарында орындаушылардың» конкурсын өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

17. Ұйымдастыру комитеті конкурсты дайындау және өткізу бойынша басшылықты жүзеге асырады.

18. Ұйымдастыру комитеті жүлделі орындардың саны мен ақшалай сыйақының мөлшерін анықтайды.

19. Конкурсты жарнамалау мақсатында Ұйымдастыру комитеті бұқаралық ақпарат құралдарына баспасөз релиздерін ұсынады және осы Қағидаларды Министрліктің интернет-ресурсында орналастырады [www.msm.gov.kz](http://www.msm.gov.kz) және [www.kurmangazy.com](http://www.kurmangazy.com) интернет-ресурсында орналастырады.

20. Ұйымдастыру комитетінің байланыс деректері: телефоны +77473388634, +77016326064; [konkurs\\_kurmangazy2023@mail.ru](mailto:konkurs_kurmangazy2023@mail.ru)

## 5-тарау. Конкурстың қазылар алқасы

21. Конкурсқа қатысушылардың өнерін іріктеу және бағалау, сондай-ақ лауреаттар мен дипломанттарды айқындау туралы шешімдерді қабылдау және қорытындыларды шығару үшін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес құрамда «Құрманғазы атындағы XII Республикалық халық аспаатарында орындаушылар» конкурсының қазылар алқасы (бұдан әрі – Қазылар алқасы) құрылады.

22. Қазылар алқасының құрамы мемлекеттік органдардың өкілдерінен, мәдениет және өнердің көрнекті қайраткерлері және кіреді.

23. Конкурстың қазылар алқасы төрағаны қоса алғанда, мүшелердің тақсанынан тұрады.

24. Қазылар алқасының шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда қазылар алқасы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

25. Қазылар алқасының шешімі төраға мен қазылар алқасының барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

26. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және қайта қарауға жатпайды.

27. Қазылар алқасы құқылы:

- 1) қатысушының орындауын үзуге;
- 2) лайықты үміткерлер болмаған жағдайда жеңімпаздар мен дипломанттарды анықтамауға;
- 3) бірнеше жеңімпаз болған жағдайда жүлделі орындар мен ақшалай жүлделерді бөлуге.

28. Қазылар алқасының мүшелеріне қаламақы төлеу жасалған шарттарға сәйкес жүргізіледі. Қазылар алқасының мүшелеріне іс-шараны өткізу шеңберінде Алматы қаласына және кері бағытта бару, тамақтану, тұру (Алматы қаласында тұратындарды қоспағанда), трансфер және Алматы қаласы бойынша көлікпен жүру шығыстарын өтеу Конкурсты өткізу үшін көзделген қаражат шеңберінде жүзеге асырылады.

29. Конкурс жеңімпаздарына төмендегідей жүлделер тағайындалады:

- 1) асқан шеберлік танытқан ең үздік орындаушыға Құрманғазы атындағы Бас Жүлде (Гран при) және лауреат атағы (домбыра және прима-қобыз аспабы бойынша);
- 2) бір бірінші жүлде және лауреат атағы (әр номинация үшін);
- 3) екі екінші жүлде және лауреат атағы (әр номинация үшін);
- 4) екі үшінші жүлде және лауреат атағы (әр номинация үшін);
- 5) дипломант атағы (әр номинация үшін).

## 6-тарау. Конкурсты қаржыландыру

30. Конкурсты өткізуді қаржыландыру «2023-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген 033 «Мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, Қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен танымал ету және мұрағат ісін іске асырудың тиімділігін арттыру» республикалық бюджеттік бағдарламасының 106 «Әлеуметтік маңызы бар және мәдени іс-шаралар өткізу» кіші бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

31. Конкурс номинациясы бойынша төменде көрсетілген ақшалай сыйлықтар белгіленеді (жүлде қорын бекіту салық төлемдермен жазылған):

Домбыра:

- 1) Бас жүлделі 1 орын – 1 500 000 теңге;
- 2) 1-ші дәрежелі лауреат 1 орын – 1 000 000 теңге;
- 3) 2-ші дәрежелі лауреат 2 орын – 700 000 теңге;
- 4) 3-ші дәрежелі лауреат 3 орын – 300 000 теңге; 5) Дипломант 4 орын – 100 000 теңге.

Домра-прима

- 1) 1-ші дәрежелі лауреат 1 орын – 1 000 000 теңге;
- 2) 2-ші дәрежелі лауреат 1 орын – 700 000 теңге;
- 3) 3-ші дәрежелі лауреат 1 орын – 300 000 теңге; 4) Дипломант 3 орын – 100 000 теңге.

Шертер

- 1) 1-ші дәрежелі лауреат 1 орын – 1 000 000 теңге;
- 2) 2-ші дәрежелі лауреат 1 орын – 700 000 теңге;
- 3) 3-ші дәрежелі лауреат 1 орын – 300 000 теңге; 4) Дипломант 3 орын – 100 000 теңге.

Қыл-қобыз

- 5) 1-ші дәрежелі лауреат 1 орын – 1 000 000 теңге;
- 6) 2-ші дәрежелі лауреат 1 орын – 700 000 теңге;
- 7) 3-ші дәрежелі лауреат 1 орын – 300 000 теңге; 8) Дипломант 2 орын – 100 000 теңге.

Прима -қобыз

- 1) Бас жүлделі 1 орын – 1 500 000 теңге;
- 2) 1-ші дәрежелі лауреат 1 орын – 1 000 000 теңге;
- 3) 2-ші дәрежелі лауреат 2 орын – 700 000 теңге;

- 4) 3-ші дәрежелі лауреат 3 орын – 300 000 теңге; 5) Дипломант 4 орын – 100 000 теңге.

Сырнай (баян, аккордеон)

- 1) 1-ші дәрежелі лауреат 1 орын – 1 000 000 теңге;  
 2) 2-ші дәрежелі лауреат 1 орын – 700 000 теңге;  
 3) 3-ші дәрежелі лауреат 1 орын – 300 000 теңге; 4) Дипломант 3 орын – 100 000 теңге.

32. Конкурстың жеңімпаздары мен дипломанттарына ақшалай жүлделерді төлеу олардың Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке шоттарына аудару арқылы жүзеге асырылады.

Қазылар алқасының хаттамасы ақшалай жүлделерді аудару үшін негіз болып табылады.

### 7-тарау. Қорытынды ереже

33. Осы қағидамен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

«Құрманғазы атындағы XII  
 Республикалық халық  
 аспаптарында орындаушылар»  
 конкурсын өткізу қағидаларына  
 1 қосымша

### «Құрманғазы атындағы XII Республикалық халық аспаптарында орындаушылар» конкурсына қатысу үшін өтінім

|   |  |
|---|--|
| Қатысушының аты-жөні  |  |
| Номинация   |  |
| Туған күні  |  |
| Тұрғылықты мекен-жайы   |  |
| Қатысушы туралы қосымша ақпарат (оқитын немесе жұмыс істейтін орны) |  |
| Қандай оқу орнын аяқтады және қашан, аттестат (бар болса)           |  |

|                       |   |        |
|-----------------------|---|--------|
| Оқытушысының аты-жөні |   |        |
| Байланыс мәліметтері  | телефон: e-mail:                              |        |
| Конкурс бағдарламасы  | Шығарманың атауы                              | Авторы |
| Номинация             | <b>I кезең</b><br>1.<br>2.<br>3.<br>4.<br>5.  |        |
|                       | <b>II кезең</b><br>1.<br>2.<br>3.<br>4.<br>5. |        |

«Құрманғазы атындағы XII  
Республикалық халық  
аспаптарында орындаушылар»  
конкурсын өткізу қағидаларына  
2 қосымша

### Бағдарламалық талаптар

**«Домбыра», «Шертер» номинациясы бойынша орындалатын шығармалар  
«Домбыра» номинациясы**

#### I кезең

1. Құрманғазы «Серпер» (міндетті түрде)
2. Құрманғазы «Қайран шешем» (міндетті түрде)
3. Маңғыстау немесе Қазанғап күйлерінен сайыскердің қалауы бойынша
4. Шертпе күй (сайыскердің қалауы бойынша)
5. Т. Шәмелов «Қали Мәмен күмбір күй» (міндетті) II кезең
1. Құрманғазы «Төремұрат» (міндетті)
2. Құрманғазы «Байжұма» (міндетті)
3. Дәулеткерейдің күйі (сайыскердің қалауы бойынша)

4. Динаның күйі (сайыскердің қалауы бойынша)
5. Қ. Ахмедияров «Қуаныш» (міндетті)
6. Билетпен бір күй (тізім бойынша)

### III кезең

1. Құрманғазы «Сарыарқа» (міндетті)
2. Құрманғазы «Терісқақпай» (міндетті)
3. Сайыскердің қалауы бойынша бір күй
4. Сайыскерлер арасында Құрманғазы күйлерінен күй тартыс:
  - 1) Құрманғазы «Балқаймақ»;
  - 2) Құрманғазы «Машина»;
  - 3) Құрманғазы «Арба соққан»;
  - 4) Құрманғазы «Перовский марш» ;
  - 5) Құрманғазы «Ақсақ киік»;
  - 6) Құрманғазы «Желкем қақпай»;
  - 7) Құрманғазы «Ілме»;
  - 8) Құрманғазы «Жима»;
  - 9) Құрманғазы «Ұзақ Ақжелең»;
  - 10) Құрманғазы «Адай»;
  - 11) Құрманғазы «Түрмеден қашқан»;
  - 12) Құрманғазы «Ақбай»;
  - 13) Құрманғазы «Бұқтым-бұқтым»; 14) Құрманғазы «Бұлбұл». **«Шерттер» номинациясы**

### I кезең

1. Ф. Лист «Венгерская Рапсодия»
2. М.Әубәкіров «Серпін» (пьеса)
3. Тәттімбет «Азамат қожа»
4. Құрманғазының бір күйі

### II кезең

1. Л. Хамиди концерт
2. П. Бородин «Половецкие пляски»
3. Құрманғазының бір күйі (сайыскердің қалауы бойынша)
4. Шертпе дәстүріндегі шертерге лайықталған бір күй (сайыскердің қалауы бойынша).

### III кезең

1. Күрделі формадағы бір шығарма (сайыскердің қалауы бойынша)
2. Контилена



3. Құрманғазының бір күйі (сайыскердің қалауы бойынша)
4. Дина «Әсем қоңыр» аккомпониментпен

### **«Домра-прима» номинациясы**

#### I кезең

1. Айтқали Жайымов «Концерттік пьеса»
2. Күрделі әлемдік шығарма

#### II кезең

1. Кантилена қазақша
2. Техникалық шығарма

#### III кезең

1. Техникалық шығарма қазақша
2. Концерт 1-2-3 бөлім

### **«Прима қобыз», «Қылқобыз» номинациясы**

#### **«Прима қобыз»**

##### I кезең

1. Құрманғазы «Түрмеден қашқан» (өнд. Е. Үсенов)
2. Баяу, сазды шығарма (сайыскердің қалауы бойынша)
3. Шетел композиторларының виртуозды шығармасы (сайыскердің қалауы бойынша).

##### II кезең

1. Құрманғазы «Төремурат» (өнд. Е. Үсенов)
2. Қазақстан композиторларының шығармасы (сайыскердің қалауы бойынша)
3. Г.Венявский «Фантазия» на темы из оперы Ш.Гуно «Фауст»

##### III кезең

1. А.Жұбанов «Ария»
2. Құрманғазы оркестрінің сүйемелдеуімен (жеребе тарту арқылы таңдалады):
  - 1) Е.Құсайынов «Қыпшақ жыры»
  - 2) А. Жайымов Қобызға арналған концерт барлық бөлімі

### **Қылқобыз**

#### I кезең

1. Қазақстан композиторларының шығармасы (фортепианоның сүйемелдеуімен)
2. Ықылас Дүкенұлы «Шыңырау»
3. Домбыраның бір күйі қобызға лайықтап түсірген (сайыскердің қалауы бойынша)

II кезең

1. А. Жайымов «Скерцо»
2. Ж. Қаламбаев «Марш»
3. Қылқобыздың бір күйі (сайыскердің қалауы бойынша)

III кезең

1. Күрделі формадағы шығарма (концерт, соната, т.б.)
2. Ықылас Дүкенұлы «Жез киік»
3. Құрманғазы «Ақбай»

**Сырнай (баян, аккордеон)**

I кезең

1. Барокко дәуірінің шығармалары (Скарлатти, Рамо, Куперин және т.б.)
2. Пьеса (сайыскердің қалауы бойынша)
3. Құрманғазы «Адай»

II кезең

1. Полифониялық шығарма
2. Виртуоздық шығарма
3. Отандық композиторлардың түпнұсқадағы шығармалары

III кезең

1. Үлкен формадағы күрделі шығарма
2. Құрманғазы «Байжұма»